

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 4 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілдері - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары А.С.Таспихов пен Е.О.Омаровтың,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері - Қазақстан Республикасының әділет бірінші вице-министрі Р.Ж.Мұқашевтың және Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар вице-министрі Е.Ж.Қошановтың,

Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Б.Т.Сұлтановтың,

Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Г.Н.Әбдіқалықованың,

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары А.С.Орымбаевтың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры аппаратының басшысы С.Ғ.Темірболатовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Конституцияның 26-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы бір конституциялық іс жүргізуге біріктірілген екі өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Ү.М.Стамқұловтың хабарламасын, өтініш субъектісі өкілдерінің және отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап, сондай-ақ сарапшылардың - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті тарих-филология факультетінің орыс тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Қайыржановтың және Қазақ гуманитарлық-заң университетінің жанындағы Заңнамалық актілерді әзірлеу және сараптау жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының директоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент М.Қ.Өмірқұловтың қорытындыларымен танысып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны

анықтады:

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2005 жылғы 13 мамырда және 2005 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Конституцияның 26-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініштері келіп т ү с т і .

2005 жылғы 13 мамырда келіп түскен өтініште Парламент депутаттары Республиканың заңнамалық актілерімен, соның ішінде "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі N 156-ХІІІ Заңының 13-бабымен , олардың пікірінше жекелеген тұлғалардың жеке меншігін шектейтін жеңілдіктер белгіленуіне жол берілуі тұрғысынан алғанда Конституцияның 26-бабының 3-тармағына ресми түсіндірме беруді сұрайды.

Басқа бір өтініште Парламент депутаттары Конституцияның 26-бабының 3-тармағын, қолданыстағы бірқатар заңдарда белгіленген жерді мемлекеттік қажеттілік үшін алып қою (сатып алу) туралы нормаларды ескере отырып түсіндіруді сұрайды. Мұндай өтініш беруге меншік иелерінен жерді алып қою (сатып алу) практикасы себеп болған. Парламент депутаттары "мемлекет мұқтажы" деген конституциялық ұғым құқық қолдану практикасында дәл және негізді түсіндірілмейді деп пайымдайды. Одан тыс, депутаттар "мемлекет мұқтажы" деген конституциялық ұғым қолданыстағы заңдарда "мемлекеттік қажеттілік" деген ұғыммен ауыстырылған деп есептейді.

Конституциялық Кеңес өтініштерде қойылған сұрақтардың мән-жайы бойынша мынаны ескерді.

1. Конституциялық Кеңес Конституцияның 26-бабының 3-тармағын ресми түсіндіруді Парламент депутаттарының өтініштерінде көрсетілген қолданыстағы заңдардың нормаларын конституциялылығы тұрғысынан бағалаумен байланыстырмайды. Бұдан бұрын Конституциялық Кеңес меншік иесін мүлкінен айырудың немесе мүлікті иеліктен айырудың нақты мәселелері бойынша Конституцияның 26-бабының 3-тармағына ресми түсіндірме берген болатын (Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 16 маусымдағы N 6/2 және 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 21/2 қаулылары).

2. Конституцияның 26-бабының 3-тармағы соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға жол берілмейтіндігін, сондай-ақ заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін екендігін көздейді. Ал меншік құқығын басқаша шектеулерге келер болсақ, онда бұл мәселелер осы конституциялық нормамен р е т т е л м е й д і .

Меншік құқығын шектеудің негіздері мен шектері және олардың сипаты Конституцияның 39-бабының 1-тармағынан туындайды, оған сай "адамның құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана тек заңмен шектеулі мүмкін". Демек, мүліктік құқық абсолютті болып табылмайды және

азаматтық-құқықтық қатынастар саласында болсын, жария-құқықтық салада болсын заңдармен шектелуі мүмкін. Бұл құқықтық позиция сондай-ақ меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленетіндігі туралы конституциялық нормадан (Конституцияның 6-бабының 2-тармағы) және "Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабының 2-тармағын және 61-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 19/2 қаулысынан келіп т у ы н д а й д ы .

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет үшін адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып табылады (Конституцияның 1-бабы). Оларды ең қымбат қазына деп тану, мемлекет үшін адамға, оның материалдық жағынан әл-ауқатты болуына қамқорлық жасаудан асқан маңызды міндет жоқ екенін білдіреді. Мемлекет адамның лайықты өмір сүруі үшін қолынан келген барлық жағдайды жасауға міндетті. Мұндай құқықтық позиция Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 18/2 , 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 13 , 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 3 , 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 3 қаулыларында білдірілген.

Конституциялық Кеңес қаралған конституциялық нормалардың мазмұны мемлекеттің меншік иесінің өз құқықтарын жүзеге асыруының шекарасын айқындауына негіз береді деп есептейді. Мемлекеттік маңызы бар әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған және сонымен қатар меншік құқығын шектейтін жеңілдіктерді заң шығару жолымен белгілеу заң шығарушының төтенше өкілеттігі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жолаушылардың белгілі бір санаттары үшін жеңілдіктер белгілеу кезінде мүлікті иеліктен айыру болмайды, керісінше мемлекеттік, атап айтқанда, әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтамасыз ету мақсатында мүлікті пайдалану режимін заң жүзінде реттеу орын алады. Осыған байланысты көрген шығындардың орнын толтыру, әркімнің қоғам мен мемлекет өміріне қатысуына міндетті екендігі тұрғысынан (мәселен , салық төлеу, табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін реттеу және т.б.) қарастырылуға тиіс. Осы жазылған Конституцияның 6-бабы 2-тармағының талабына негізделген, оған сәйкес меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс.

3. Кеңестің 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 21/2 қаулысының қаулы бөлігінде, Конституцияның 26-бабының 3-тармағын "заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін" деген бөлігінде, осы нормада аталған: біріншіден, мемлекет мұқтажы үшін, екіншіден, заңдармен көзделген ерекше жағдайларда, және, үшіншіден, оның құны тең бағамен өтелген кезде деген шарттар міндетті түрде сақталған кезде ғана осы мүлікті иеліктен айыру мүмкін болады деп түсіну керек деп атап көрсетіледі.

Бұл аталған ережелер меншік құқығы қорғалуына қосымша кепілдік жасап, өз

өкілеттігін іске асыру кезінде заң шығару және құқық қолдану органдары үшін міндетті болады. 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 21/2 және 2001 жылғы 9 шілдедегі N 12/2 қаулыларда Конституциялық Кеңес, Конституция "мемлекет мұқтажы", "ерекше жағдайлар", "құны тең бағамен өтелген кезде" деген ұғымдарды анықтап отырмастан, оны заңдарға жүктейді деп атап көрсеткен болатын. Алайда жоғарыда аталған ұғымдар заңнамалық актілерде толығымен ашып көрсетілмеген, ал бұл құқық қолдану практикасында белгілі бір қиыншылықтар туғызады.

2003 жылғы 20 маусымдағы N 442-II Қазақстан Республикасының Жер кодексінде, 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94-I "Тұрғын-үй қатынастары туралы", 1998 жылғы 20 мамырдағы N 230-1 "Қазақстан Республикасы астанасының ерекше мәртебесі туралы", 1998 жылғы 1 шілдедегі N 258-I "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" заңдарда, жер учаскелерін иеліктен айырудың шарты ретінде Конституцияда белгіленгеніндей "мемлекет мұқтажы" емес, "мемлекеттік қажеттіктер" көрсетіледі, бұл Конституцияның 26-бабының 3-тармағымен көзделген жер учаскелерін иеліктен күштеп айыру Шарттарын практикада кеңейтіп түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мемлекет пен меншік иелерінің арасындағы құлау (қирау) қаупі бар апатты және ескірген тұрғын үйлерді бұзуға және қалалар мен өзге де елді мекендердің бас жоспарларын орындауға қатысты түсініспеушіліктер көбінесе, жер учаскелерін бағалау және алып қою процесіне қатысушылардың барлығының мүдделері тепе-тең ескерілуін қамтамасыз етуге қаратылған іс-шаралар соған сәйкес жүзеге асырылатын рәсімдердің заң жүзінде реттелмеуінен келіп шығады.

Конституциялық Кеңес, "мұқтаждық" және "қажеттілік" деген ұғымдар мазмұны жағынан жақын болғанымен, алайда, аталған нормативтік құқықтық актілердің контекстінде мағынасы жағынан бірдей жүк көтермейді деп пайымдайды. "Мұқтаждық" деген ұғым "қажеттілікке" қарағанда зәруліктің жоғарырақ деңгейін білдіреді. Соған орай Конституцияның 26-бабының 3-тармағындағы "мемлекет мұқтажы" деген ұғымды "ерекше жағдайлар" деген ұғыммен тіркестіре отырып түсінген және қ о л д а н ғ а н ж ө н .

Жазылғанның негізінде, Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 31, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 3-тармағы меншік құқығын, мүлікті иеліктен айырумен байланыстырмай отырып, заңдармен шектеулер белгілеуге кедергі жасамайды деп танылсын. Оның үстіне, мемлекет Конституцияның

6-бабының 2-тармағына сәйкес меншіктің қоғам игілігіне қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында, Конституцияның 39-бабының 1-тармағымен көзделген жағдайларды ескере отырып, меншік құқығына шектеулер белгілеуге хақылы.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 3-тармағы, солардың негізінде және соларға сәйкес іске асырылатын мемлекет мұқтажы үшін мүлікті иеліктен күштеп айыру тәртібінің, шарттары мен рәсімдерінің, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты ретінде, заңнамалық реттелуін көздейді деп танылсын.

3. "Мемлекет мұқтажы", "ерекше жағдайлар" және "мүліктің құнын тең бағамен өтеу" деген ұғымдарды түсіну мен пайдаланудағы бірізділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ заңда көзделген негіздер бойынша мемлекет мұқтажы үшін жерді бағалау және алып қою іске асырылатын рәсімдерді реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Республиканың заңнамалық актілеріне меншік құқығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасау туралы мәселені қарау ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағы негізінде қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

5. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К о н с т и т у ц и я л ы қ К е ң е с і н і ң

Төрағасы